

**№19 жалпы орта білім беру мектебінің 17.01.2022 жылғы  
Қамқоршылық Кеңесінің №4 хаттамасы**

**Күн тәртібінде**

1. 1 жартыжылдықтың қорытынды сараптамалық жобасы
2. 3 – тоқсанның оқу үдерісінің және оқу процессінің ұйымдастырылуы
3. Әр түрлі сұрақтар

**СӨЙЛЕДІ:** мектеп басшысы А.Т.Бекбаева. 2 жартыжылдықтың қорытындысын жасады.

Екінші мәселе бойынша мектеп басшысы Павлодар облысының Бас санитарлық дәрігері Б.Әлиевтің 2022 жылдың жылғы 15 қаңтардағы №1 «Павлодар облысы аумағында шектеулі карантиндік шаралар туралы», ҚР БМСД №36 Қаулысының талаптарын орындай отырып, 2021-2022 оқу жылының 3 - тоқсанын 17 қаңтардан бастап,

1. 1-5 сынып оқушылары оқытудың штаттық форматта, ал 6-11 сынып оқушылары қашықтықтан оқытылуы;
2. Штаттық форматта жұмыс жасайтын әкімшілік, мұғалімдер, мектеп қызметкерлері «Ashyq» жобасы арқылы мектепке өтетінін;
3. COVID -19 –ға қарсы вакцинациялауды алмаған (тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар және соңғы 3 ай ішінде COVID -19 – бен ауырып жазылған адамдарды қоспағанда) жұмысқа жіберу шектетілсін.

Бұл ретте, егілмеген қызметкерлер үшін (соңғы 3 ай ішінде тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар және COVID -19 ауырып жазылған адамдарды қоспағанда) (7 күнде 1 рет) көздейтінін мәлімдеді.

Сонымен қатар, шектеу шараларына байланысты басшы орынбасарларының қызметтерін атап айтты.

ТжБО Д.Т.Серимбаева:

- санитарлық талаптарды сақтай отырып, балаларды қабылдау үшін қызметкерлердің күнделікті кезекшілігінің кестесі (фильтр жүргізу, қолды өңдеу, маскалардың болуы) мектептегі кезекшілік пен асханадағы кезекшілік кестесі жасалсын;

ОТжБО Ш.М.Кульбековаға:

- сабақ режимі және жұмыс орнын ұйымдастыру келесі талаптарға сәйкес жүргізілсін:
- кабинеттік жүйе болмайтындығы ескертілсін;
- кабинеттер арасында жүру, сыныптан тыс іс-шаралар мен ата-аналар жиналыстарын өткізу шектетілсін.

1-5 сынып жетекшілері:

- әр үзілісте антисептикалық заттарды қолдана отырып, оқушылардың қолдарын өңдеу жүргізілсін;
- кестеге сәйкес кабинетті желдету жүргізілсін;
- қоңырау кестесіне сәйкес үзіліс уақыты сақталсын;

- оқушылармен санитарлық нормаларды сақтау бойынша нұсқаулық өткізілсін;
- сабақ басталар алдында және олардың соңында оқушыларды қарсы алып, шығарып салу қадағалансын.

ТжБО Р.Ж.Саденоваға:

- қатаң санитарлық нормаларды (қолды өңдеу, отырғызу) сақтай отырып, асханада оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру,
- сыныптарда әр түрлі уақытта басталатын сабақ кестесі мен асханада тамақтану кестесі жасалсын;
- коронавирустық инфекциямен ауыратын науқаспен байланыста болған, ауырып сауыққан білім алушылардың білім беру ұйымына баруына дәрігердің білім беру ұйымында болу үшін медициналық қарсы айғақтардың жоқ екендігі туралы медициналық қорытындысы болған кезде жол берілсін;
- сырқаттанушылық тіркелген кезде сыныпқа, топқа карантин белгіленуі қадағалансын.

Басшының ШӘЖО орынбасары Г.Т. Кабышеваға:

- ғимаратқа кіре берісте аяқ киімнің табаның өңдеуге арналған термометрлер, тепловизорлар, кілемшелер сатып алуды ұйымдастырсын (сатып алу туралы растайтын құжаты болуы тиіс);
- ғимаратта қашықтықты сақтау үшін сигналдық белгілер қойылсын;
- білім беру ұйымына, оқу кабинетіне, санитариялық тораптар мен дәретхана бөлмелеріне кіре берісте тері антисептиктерін жағумен қолды гигиеналық өңдеуге арналған құралдар (сатып алынғанын растайтын құжаты болуы тиіс);
- асханада оқушыларды әр тамақтандырғаннан кейін дезинфекциялық құралдарды қолдана отырып, ылғалды жинау жүргізілсін;
- жалпы қол жетімді жерде ауаны зарарсыздандыру және сыныптарды желдету бойынша жабдықтарды қолдана отырып, ауаны үнемі зарарсыздандыру кестесін жасасын;
- әр кабинетке күніне кемінде екі рет ылғалды жинау жүргізуге және сенбі күндері аптасына 1 рет толық тазалау жүргізуге жауапты қызметкерлер бекітілсін;
- оқушылардың, ұжымның, персоналдың қолдарын өңдеуге арналған тері антисептигі бар санитайзерлер әр қабатта, әр сыныптың (кабинеттің) жанында санитариялық тораптарда және лас маскаларға арналған таңбаланған сыйымдылықтар орнатылсын;
- санитариялық тораптарда дозаторларда сабынның, дозаторларда қолға арналған дезинфекциялық құралдардың болуы, қол жуу қағидалары бар плакаттардың болуы қамтамасыз етілсін;

Мектептің медицина қызметкері А.У.Кусаиноваға:

- журналға тіркей отырып, санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау бойынша ұжымға нұсқама жүргізілсін;
- дезинфекциялау, жуу және антисептикалық заттардың қажетті қоры қадағалансын;
- маскалар, респираторлар, салфеткалар жойылсын;
- медициналық кабинет пен изоляторлар қажетті медициналық жабдықтармен және дәрі-дәрмектермен (термометрлермен, шпательдермен, маскалармен) қамтамасыз

етіле отырып, жұмыс істейді (күн сайын температураны өлшеу, ауру белгілерін анықтау, ауырған адамдар анықталған жағдайда оқшаулау үшін);  
- мектепке инфекциялық аурулардың (респираторлық, ішек, дене қызуының көтерілуі) белгілері бар білім алушылар мен қызметкерлер жіберілмесін

**Қаулы етті:**

COVID-19 індетін алдын алу мақсатында мектеп СанҚжн нормаларына сай жұмыс атқарылсын.

Оқу форматына сәйкес оқушылардың сабаққа қатысуларын қадағалау.

**Мектеп басшысы**  
**Хатшысы:**



*Handwritten signatures in blue ink, including one that appears to be 'А.Т. Бекбаева' and another that appears to be 'Р.Ж. Саденова'.*

**А.Т.Бекбаева**

**— Р.Ж.Саденова**